



# Ембі ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



№13 (130)  
ЖЕЛТОҚСАН  
2024 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



Қадірменді әріптестер!

*Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен  
шын жүректен құттықтаймыз!*

Табалдырығымыздан жаңа жыл аттар тұста, ескі жылды ой елегінен өткіземіз. Қол жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді саралаймыз. 2024 жылдың әрқайсымыз үшін есте қалар сәт, жарқын күндерге толы болғаны анық.

Есте қалар оқиғалар облыс көлемінде де көп болды. Соның ішінде көктем айларында аймаққа су тасу қаупі төнген сындарлы шақта тасқынға тосқауыл болған облыс тұрғындарының қатарынан Сіздердің – ембілік мұнайшылардың да табыла білгенін мақтан тұтамыз. Бұл орайда 14 күн ауысымдық әдіспен еңбек ететін өндіріс адамдарының демалыс уақыттарына қарамастан ортақ мақсатқа жұмыла білгендері және бірлескен жұмыстардың өз нәтижесін бергені қуантады.

Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, экономика саласының өрістеуіне үлес қосып жүрген ембілік мұнайшылардың еңбегін жоғары бағалаймыз. Табысты еңбек жолымыз жалғаса берсін.

Негізгі бағыты «қара алтын» өндіру саласы болғанымен, «Ембімұнайгаз» АҚ – әлеуметтік жауапкершілікті де негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындаған отандық компания. Соған сай, 2024 жылы Қазақстан мұнайының 125 жылдығы аясында облыс бойынша әлеуметтік жобаларға демеушілік көрсетіп, бірнеше әлеуметтік нысандарды жаңа жабдықтармен қамтамасыз етуі – осының айғағы. Осынау ізгілікті істердің артында ембілік мұнайшылардың бірлігі тұрғанын айта кетуіміз керек.

Жаңа жылда жаңа жоспар жасап, жаңа мақсат қоямыз. Біз ертеңгі күнге үміт артамыз, әр жылдан жақсылық күтеміз. Соған сай, келер жыл әр шаңыраққа қуаныш пен шаттық, денсаулық пен бақыт әкелсін!

Жаңа 2025 жыл құтты болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

## «ЖЫЛ ҮЗДІГІ»:

*жеңімпаздар есімі жарияланды*

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында жылдың үздік қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтті. «Жыл үздігі» атағын беру – бұл Компанияның корпоративтік дәстүрлерінің бірі, қызметкерлерді қолдау және дамыту бағытындағы өз тиімділігін дәлелдеген маңызды шара.

→ 4-5 бетте





## АЙМАҚТЫҚ КЕҢЕС

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов 27 желтоқсанда Атырау облысына жұмыс сапары барысында мұнай-газ өндіруші ұйымдар, мұнай өңдеу зауыттары өкілдерінің және т.б. қатысуымен аймақтық кеңес өткізді.

Жиында биылғы 11 айдың қаржылық және өндірістік көрсеткіштері, 2025 жылға арналған жоспарлар, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі шаралар қаралды. Өндіруші компанияларға мұнай өндіруді ұлғайтуды қамтамасыз ететін технологияларды іздеу және

## НАҚТЫ МІНДЕТТЕР САРАЛАНДЫ



енгізу, операциялық шығындарды қысқарту бойынша нақты міндеттер қойылды.

А. Хасенов геологиялық-техникалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру, ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңін ұлғайту, лифтинг-шығындар мен күрделі салымдарды оңтайландыру қажеттігін атап өтті.

Өндірістік тәртіпті сақтау және еңбекті ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

<https://www.kmg.kz>  
ақпараттары негізінде дайындалды

## ТАҒАЙЫНДАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес:



Жасұлан БЕРКАЛИЕВ  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығы



Танат СӘРСЕНОВ  
Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры



Тілек ҚАЗЫМ  
Кеніштік геология және кен орындарын игеру департаментінің директоры



Азамат МАНҒЫБАЕВ  
Өндірістің жедел басқару департаменті орталық инженерлік-технологиялық бөлімінің бастығы



Қайсар ТӨЛЕУІШОВ  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ басқармасының бас инженері



Данияр МЕКЕБАЕВ  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары



Әділ ДӘУЛЕТОВ  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары



Ержан АЙТЖАНОВ  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ бас технологиясы

лауазымына тағайындалды.

## ҰЖЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ

## ӘР ЖЕТІСТІК – БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЖЕМІСІ

Биылғы жылдың жалпы көрсеткіштері мен алдағы жоспарлы жұмыстар. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбеттің жаңа жыл қарсаңында Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімше ұжымдарымен өткізген кездесуінің негізгі тақырыбы осы бағытта өрбіді.



«Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Кайнармұнайгаз» МГӨБ және «Ембімұнайэнерго», «Өндірістік-техникалық камту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларында ұйымдастырылған жиын барысында 2024 жылдың өндірістік-қаржылық көрсеткіштерінің қорытындысы мен алдағы жоспарлы жұмыстар таныстырылды. «Қара алтын» байлығын 125 жылдан бері ел игілігіне жаратып келе жатқан отандық мұнай өндіруші компанияның кен алаңдарында өнім қоры азайып бара жатқаны анық. Бұл орайда, ембіліктердің алдында тұрған өзекті жәйт – ресурстық базаны өсіру. Міне, осы мақсаттың аясында Компания келесі жылдан бастап жаңа жобаларды іске қосқалы отыр.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на өнім қорын молайту арқылы қосымша табыс әкелетін 4 инвестициялық жоба 2025 жылы жүзеге асырылады. Өнім өндіру кезеңіне өтуді көздеген Батыс Қарасор жобасы мен ресурстық база-

ны көбейту мақсатындағы Тайсойған-1, Тайсойған-2 жобалары санаулы күндерден кейін басталады. Тиісті құжаттар заң аясында рәсімделді. Батыс Прорва кен алаңындағы газ горизонттарын игеру үшін ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы арқылы өндірілетін газ көлемін арттыру, оны сату арқылы қосымша табыс көзіне айналдыру жоспарда. Осы мақсатты көздеген «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басқармасының Оңтүстік-Шығыс Новобогат блогы бойынша ілеспе газды қажеттілікке жарату қондырғысы жұмысын бастайды деп күтілуде» - деп атап өтті өз сөзінде Ринат Нұрғожаұлы.

Кездесулер барысында басшы басқарма ұжымдарын жаңа жылмен құттықтап, келесі жылы да осы бағыттан таймай, табысты еңбек жолын бірлесе жалғастыруға шақырды. Жиын соңында басқармалардың бір топ маманына табысты еңбектері үшін марапаттар табысталды.





«Ембімұнайэнерго» басқармасы 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Басқарма 1999 жылдың 13 желтоқсан күні директoрлар Кеңесінің №508 бұйрығымен құрылған еді. Ширек ғасыр уақыт бойы Компанияның өндірістік және әлеуметтік нысандарын электрмен үздіксіз қамту жұмыстарын сәтті жүзеге асырып келеді.

25 жыл ішінде маңызы зор құрылымдық бөлімшеге айналған басқарма қазіргі уақытта жөндеу аралық кезеңдерді ұлғайту және энерго үнемдеу жобалары, соның ішінде ілеспе мұнай газынан электр энергиясын өндіру процессінгі жобасын, басқарма станциялары мен әуе желілерін ауыстыру жұмыстарын жүзеге асыруда. Мерейтойлық датаға орай, осы уақытқа дейін де бірқатар спорттық, көпшілік шаралар ұйымдастырылып келсе, осынау шаралар легі – соның қорытындысы.

Салтанатты шара аясында басқарманың құрылу тарихында өшпес атын қалдырған, даму жолында зор еңбек сіңірген,



## ДАМУ ЖОЛЫНДА



құрылымның бастауында тұрған жандардың бірі Дәрмен Бекімұлына арналған ескерткіш-тақта ашылды. Басқарманың негізін қалаушы, танымал энергетик, туған еліне зор еңбек сіңірген азаматтың есімін ел жадында жаңғырту мақсатындағы тақтаның ашылу рәсіміне ҚР еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Махамбет Батырбаев пен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының міндетін атқарушы Рысты Тасмағамбетова және мұнайшы ардагерлер қатысты.

Бұл шараның еңбек адамына деген үлкен құрметтің көрінісі екенін атап өткен Рысты Нұрғалиқызы кәсіпорынның құрылу тарихына да тоқталды. Бұрынғы «Қазақойл-Ембі» ашық акционерлік қоғамына қарасты өндірістік бөлімшелерді біріктіру негізінде дүниеге келген басқарманың өз тарихы, өсу жолдары бар екенін атай келе, өндірісті толық автоматтандыру мақсатында құрылған басқарманың қалыптасып, дамуы жолында оның алғашқы басшысының орны ерекше екенін айрықша атап өтті.

«Дәрмен Бекімұлының ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ауқымды жұмыстар оң нәтижесін тапты. Бүгінгі таңда басқарманың ұжымы Ембі өндірісінде мұнай өндіру, тапсыру жоспарының тұрақты орындалуына зор үлес қосып келеді. Экономиканың барлық саласын электр тоғынсыз елестету мүмкін емес. Өндіріске жаңа техникалар мен технологияларды енгізу арқылы электр энергиясының шығындарын азайту жолымен өнімнің өзіндік құнын төмендетуге бағытталған ауқымды жұмыстарда табысты еңбектерімен көріне алып жүр. Бұл – ұжымшілік бірліктің, татулықтың көрінісі деп жоғары бағалаймын.

Бүгінде бұл ұжымда басқарманың алғашқы басшысы Дәрмен Бекімұлының шәкірттері еңбек етуде. Басшылық лауазымдарда да жергілікті кадрлар. Осы басқарманың қабырғасында үйреніп, тәжірибе алмасып, шынығып өскен мамандар. Демек, Дәрмен Бекімұлы өндірісті шебер ұйымдастыра білген басшы болуымен қатар, шебер тәлімгерлікті де меңгерген кәсіби маман. Бүгінгі 25 жылдық тарихты артқа тастап отырған басқарманың қол жеткізген табыстары сол ембілік мамандардың өз қолымен жүзеге асып отыр», деді Рысты Тасмағамбетова ескерткіш-тақтаның салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде.

Бұдан соң, салтанатты шаралар легі Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияда жалғасты. Жиында сөз алған Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов сала ардагерлері мен басқарма ұжымын құттықтап, тілегін жеткізді.

«Ембімұнайэнерго» басқармасы Ембі өңірін үздіксіз әрі тұрақты түрде электр энергиясымен қамтамасыз етіп, өндірістің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқарып келеді. Бұл бағытта энергетика саласының әрбір маманы тәуелсіз ел экономикасының дамуына өз үлестерін қосып келе жатқанын атап өткен жөн.

Басқарманың өткен 25 жылдағы жетістіктері біртұтас бола білген ұжымның күш-жігерінің арқасында қол жеткізілгені сөзсіз. Бұл мерейтой тек өткенді бағалап қана қоймай, болашаққа деген зор үмітпен қарайтын маңызды кезең болып табылады. «Ембімұнайэнерго» басқармасы алдағы уақытта да үлкен жетістіктерге қол жеткізетініне сеніміміз мол» деді Қайрат Жаншаұлы өз сөзінде.

Салтанатты жиын барысында ҚР еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Махамбет Батырбаевқа құрмет көрсетіліп, иығына шапан жабылса, мерейтойлық датаға орай, басқарманың бір топ қызметкерлеріне Атырау облысы әкімінің Алғыс хаты, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.







# «ЖЫЛ ҮЗДІГІ»:

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Дәстүрлі конкурс қызметкерлер үшін ынталандырушы фактор болып табылады және мұнайшыларды өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға ұмтылумен қатар, қауіпсіздік ережелерін қатаң орындауға, қоғамдық іс-шараларда белсенділік танытуға және жеке бастамаларын қолға алуға итермелейді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның жыл үздігі атану мүмкіндігі барлық қызметкерлерге де ортақ. Жеңімпаздарды іріктегенде әртүрлі салалардағы жетістіктері есепке алынады. Әрине, ең алдымен өндірістік табыстар мен тәртіп дегенімізбен, басқа салалар бойынша

да көшбасшылық қасиеттерге ие болғаны, яғни, даму мен оқуға дайындық, шеберлікті арттыру және позитивті жеке қасиеттер де маңызды. Конкурста жеңіске жету оңай емес, бірақ, үлкен жетістік. Сондықтан, «Жыл үздігі» атану – бұл жыл бойы табысты еңбек етіп, үлгі болуға ынталандыратын маңызды себеп», – деді марапаттау рәсімінде **«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының міндетін атқарушы Рысты Тасмағамбетова.**

Биылғы қорытындыларға сай, әр аталым бойынша үздік болып танылған қызметкерлерге диплом, арнайы статуетка және бағалы сыйлық табысталды. Бұл – жыл бойы жақсырақ, белсендірек және

өнімді еңбек етуге бағытталған жеке күш-жігердің нәтижесі.

Сонымен қатар, «Жыл үздігі» салтанатты шарасы барысында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында осы жылдың қазан айында Ақтау қаласында өткен «Үздік маман-2024» кәсіби шеберлік байқауының жүлделі орын иегерлеріне де марапат табысталды. Айта кетейік, аталмыш конкурсқа «Ембімұнайгаз» АҚ атынан 15 номинация бойынша жұмысшы кәсіптерінің 20 өкілі қатысты. ІІІ турдың қорытындысы бойынша, ембіліктер 5 бірінші орын, 6 екінші орын иегерлері қатарынан көрінді.



## «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕНЕДЖЕРІ» –

**Ернұр ТАСЕМЕНОВ,**  
Геология және барлау  
департаментінің директоры,  
«Тайсойған-1 және 2» жобасы  
бойынша ауқымды жұмыстарды табысты  
ұйымдастырғаны үшін



## «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕНЕДЖЕРІ» –

**Әнуарбек КАРИМОВ,**  
Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау  
департаментінің директоры,  
Соңғы үш жылда еңбекті және қоршаған  
ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді  
жақсарту бағытындағы жүйелі жұмысы  
үшін



## «ЖЫЛ БАСШЫСЫ» –

**Азамат МАНҒЫБАЕВ,**  
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру  
басқармасының бастығы,  
Басқарманың мұнай өндіру жоспарын  
орындауға және асыра орындауға  
бағытталған ұйымдастырушылық-  
техникалық шараларды жүзеге асыруға  
қосқан елеулі үлесі үшін



## «ЖЫЛ БАСШЫСЫ» –

**Ерлан КОНДЫБАЕВ,**  
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру  
басқармасының бас инженері,  
Басқарманың мұнай өндіру жоспарын  
орындауға және асыра орындауға  
бағытталған ұйымдастырушылық-  
техникалық шараларды жүзеге асыруға  
қосқан елеулі үлесі үшін



## «ЖЫЛ БАСШЫСЫ» –

**Нұрлыбек МҰҚАНОВ,**  
«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру  
басқармасының бас инженері,  
Басқарманың мұнай өндіру жоспарын  
орындауға және асыра орындауға  
бағытталған ұйымдастырушылық-  
техникалық шараларды жүзеге асыруға  
қосқан елеулі үлесі үшін



## «ЖЫЛ ЦЕХ БАСТЫҒЫ» –

**Мәлік САЛИЕВ,**  
«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру  
басқармасының №2 Қарсақ мұнай және  
газ өндіру цехы бастығының орынбасары,  
Өндіріске жаңа технологияларды енгізу,  
өндірістік процестерді оптимизациялау,  
технологиялық ысыраптарды азайту  
бойынша жобаларды жүзеге асыруға  
қосқан жеке үлесі үшін



## «ЖЫЛ ЦЕХ БАСТЫҒЫ» –

**Білімпаз ҚАБДОЛОВ,**  
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру  
басқармасының Зерттеу жұмыстар цехы  
бастығының орынбасары,  
Өндірістік жоспарлардың орындалуын  
қамтамасыз етуге, мұнай-газ  
ұңғымаларында гидродинамикалық сынау  
жұмыстарын тиімді жүргізуге қосқан жеке  
үлесі үшін



## «ЖЫЛ ЦЕХ БАСТЫҒЫ» –

**Роман САБИРОВ,**  
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру  
басқармасы №2 мұнай және газ өндіру  
цехы бастығының орынбасары,  
Жоспарды жүзеге асыру мақсатында  
әзірленген геологиялық-техникалық  
іс-шаралардың уақытылы орындалуындағы  
үлесі үшін



# жеңімпаздар есімі жарияланды



## «ЖЫЛ ЦЕХ БАСТЫҒЫ» –

**Қайрат ДӘУЛЕТБАЕВ,**  
«Қайнарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің бастығы,

Жабдықтарды уақытылы, сапалы жөндеуді қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастырғаны және өндіріске жаңа технологияларды енгізу жобаларын іске асыруға қатысқаны үшін



## «ЖЫЛ ЦЕХ БАСТЫҒЫ» –

**Нұрқат АСҚАРОВ,**  
«Ембімұнайэнерго» басқармасына қарасты «Прорва» аудандық электр торабының бастығы,

Мұнай кәсіпшілігі объектілерінің электр желілері мен энергетикалық жабдықтарына уақытылы техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізу бойынша іс-шараларды сапалы ұйымдастырғаны үшін



## «ЖЫЛ ЦЕХ БАСТЫҒЫ» –

**Ғабиден БӨЛЕКОВ,**  
Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектацалау басқармасының арнайы техника және автокөліктер гаражының бастығы,  
Құрылымдық бөлімшелердің объектілеріне жүктерді үздіксіз жеткізу мақсатында көлікті жедел және үздіксіз қамтамасыз ету шараларын сапалы ұйымдастырғаны үшін



## «ЖЫЛ ШЕБЕРІ» –

**Мейрамбек САҒЫНБАЕВ,**  
«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №3 Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының Солтүстік Жолыбай кен орны №2 бригадасының мұнай және газ өндіру және конденсат шебері,

Өндірістік көрсеткіштерді орындаудағы жеке бастамасы және ұжымның қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін



## «ЖЫЛ ШЕБЕРІ» –

**Алшын ТЛЕУБАЕВ,**  
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану участогының шебері,

Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді және жеке бастамасы, Құлсары қаласындағы су тасқыны кезінде іс-шараларды жедел және сапалы ұйымдастырғаны үшін



## «ЖЫЛ ШЕБЕРІ» –

**Аманжан ҚҰРМАНТАЕВ,**  
«Ембімұнайэнерго» басқармасына қарасты «Мақат» аудандық электр торабының шебері,  
Мұнай өндіру объектілерін электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға және өндірістік процестерді қауіпсіз жүргізуге бағытталған іс-шараларды сапалы ұйымдастырғаны үшін



## «ЖЫЛ ШЕБЕРІ» –

**Ризабек БАЕСЕНОВ,**  
Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектацалау басқармасының ТМК орталықтандырылып жеткізу және қойма шаруашылығы учаскесінің шебері,  
Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді және жеке бастамасы, тауарлар мен материалдарды қабылдау, сақтау, шығару жұмыстарын сапалы ұйымдастырғаны үшін



## «ЖЫЛ ТӘЛІМГЕРІ» –

**Бағлагүл ЖАЙКИНА,**  
«Қайнарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының 2 категориялы инженер-химигі,

Студенттерді ауалды жүйе бойынша дайындауға тәлімгер ретінде белсенді қатысқаны үшін



## «ЖЫЛ ТӘЛІМГЕРІ» –

**Әнуар НАРЕШЕВ,**  
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы,  
Көп жылғы еңбегі және жас мамандарды дайындауға белсенді қатысқаны үшін



## «ЖЫЛ РАЦИОНАЛИЗАТОРЫ» –

**Маратбек ТАЖЕНОВ,**  
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының бастығы,  
Ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде түсіру және көтеру жұмыстарын азайтатын рационализаторлық ұсынысы үшін



**ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС**

Экологиялық мәселелерге және табиғаттың тазалығын сақтауға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға қоғам назарын аударту. Бұл – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Атыраулық студенттердің алдында арнайы лекция оқыған «Ембімұнайгаз» АҚ экология саласына жауапты мамандары да осы тақырыптарды кеңінен қозғалды.

**ЭКОБІЛІМ – БҮГІНГІ ТАЛАП**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде ұйымдастырылған дәрісте **Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов, Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Салима Абитова және Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің жетекші инженері Динара Утенова** еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, өндірістік экология және көміртек ізі туралы құнды білімдерімен бөлісті.

Лекциялар барысында қатысушылар еңбек қауіпсіздігі мәдениеті және мемлекеттік бақылау мен қадағалау механизмдері жайлы тереңірек білім алды, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды талқылады. Сонымен қатар, өндірістік экология мәселелері қарастырылып, қоршаған ортаны қорғаудың кешенді тәсілдері талқыланды.

Қатысушылар шығарындыларды, қалдықтарды, су ресурстарын басқару әдістерін, биологиялық алуан түрлілікті сақтау және парниктік газдар шығарындыларын азайту мәселелерін қарастырды.

Көміртек ізі туралы жеке блокта мамандар парниктік газдар шығарындыларын реттейтін нормативтік база, шығарындыларды есептеу әдістемелері, шығарындылар саудасы жүйесі, көміртек квоталарының ұлттық жоспары, сондай-ақ есептерді верификациялау және мониторинг жоспарларын валидациялау процестеріне тоқталып, пікір алмасты.

Атап өтейік, Президент Жолдауында аталған негізгі бағыттардың бірі – экологиялық жағдайды жақсарту және қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Бұл міндет қоғамның назарын экологиялық мәселелерге және табиғаттың тазалығын сақтаудың маңыздылығына аударуға бағытталған. Осыған байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын іске асыру жоспарын бекітіп, экологиялық таза болашаққа ұмтылу және осы жоспарды орындау мақсатында «ЭКО Болашақ» білім беру бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Қос білім беру ордасындағы тақырыптық лекция – соның аясында жүзеге асырылған іс-шаралардың біреуі.

**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ****ӘРІПТЕСІМІЗ – «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СПОРТШЫСЫ»**

Атырау қалалық әкімдігінің ұйымдастыруымен өтетін «Жыл адамы-2024» дәстүрлі шара қорытындысына сай, бірнеше сала бойынша жыл ішінде жетістікке жеткендер есімі жарияланды. Солардың қатарында әріптесіміз, «Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкері **Марат Оразалиев** жыл қорытындысы бойынша өңіріміздің спорт саласын дамытудағы толайым табыстары мен жетістіктері үшін «Жылдың үздік спортшысы» атанды.



Салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік еткен әріптесіміз ұзақ жылдар бойы түрлі деңгейде ұйымдастырылған сайыстарға тұрақты түрде қатысып келеді. Биылдың өзінде бірнеше жетістіктеге қол жеткізді.

Соның ішінде таяуда «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Ақтау қаласында өткізген «Munaily Marathon» қайырымдылық шара-

сында еліміздің 9 өңірінен жиналған 1000-астам қатысушылар арасынан **Марат Оразалиев** 40+ жастан жоғары қатысушылар ішінен 10 шақырымды алғашқы болып еңсеріп, межеге бірінші болып жеткен еді.

Ал, 2024 жылдың қорытындысына сай «Жылдың үздік спортшысы» ата-нуы әріптесіміздің спорт саласындағы еңбегінің шынайы бағалануы деп білеміз. Құттықтаймыз!

**ЕМБІ АДАМЫ****«МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ»**

**Бибігүл Ұлжанова – Атырау облысы Доссор ауылының тумасы. Мамандығы – техник-электрик. Оқу орнын бітірген соң, 2000 жылы «Ембімұнайэнерго» басқармасына жұмысқа қабылданып, ширек ғасырға жуық уақыттан бері осы салада еңбек етіп келеді. Қазір «Мақат» аудандық электр торабында электро-монтер.**



Өзінің бұл салаға қызығушылығы туралы сұрағанымызда, бала күнінен осы бағытқа бейім екен. Оның үстіне отбасында алдындағы апаларынан кейін өзі қос ұлдың ортасында өскендіктен, бала күнінен асық ату, футбол сынды ойындарға құмартқан.

«Әр мамандықтың қызығы да, қиындығы да болатыны сөзсіз. Менің саламды көбіне ер-азаматтардың бағыты деп жатады. Алайда, осы мамандық – өз қалауым, сүйікті ісім. Әкем – физика пәнінің мұғалімі, ұстаз болған адам. Бала кезімнен оның жұмысына барып, лаборатория кабинетіндегі реостат, неше түрлі лампаларды қызық көріп, бұзылған тұрмыстық техникаларды жөндеуге әуес болдым. Сол қызығушылығым өмірлік жұмыс бағытыма айналды» дейді ол.

Биыл 25 жылдық мерейтойын атап өткен «Ембімұнайэнерго» басқармасы уақытпен үндесіп, табысты еңбек етуде. Өндірістік нысандармен қатар, әлеуметтік құрылымдардың да үздіксіз электр энергиясымен қамтылуы жолында еңбек етіп жүрген энергетика саласы мамандарының үлесі зор. Әрине, қай жетістіктің де артында үлкен ұжымның бірлескен жұмысы тұратыны анық. Соның ішінде, ер-азаматтармен қатар, бір салада ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Б.Ұлжанова сынды ембілік арулардың да осы саптан табылатыны көңіл қуантады.

Бибігүл Мырзағалиқызы – жұмыста білікті маман, ортасына сыйлы әріптес. Ал, үйінде – асыл жар, аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Ұл-қыздары, келіні мен немерелерінің ортасында отағасы Ержанмен бірге бақытты күндер кешуде. Балалары да сан салада білім алып, қазіргі уақытта алды еңбекке араласқан.

Мол тәжірибесі мен біліктілігінің арқасында энергетика саласының өрістеуіне үлес қосып жүрген ол спорттық шараларға да үнемі қатысады. Тоғызқұмалақ пен шахматтан компанияішілік жарыстарға қатысып жүргені – соның айғағы.







## ЖАРЫС АЛАҢЫНДА – ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР

Салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан ембіліктер дәстүрлі спартакиадалар аясында бас қосып, өндіріс пен спортты қатар алып жүргендерін дәлелдеп келеді. Соған сай, биыл да аталған дода жалғасын тауып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне және «Ембімұнайэнерго» басқармасының құрылғанына 25 жыл толуына орайластырылған спорт додасы ұйымдастырылды. Барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты қызметкерлерінен құрылған 7 команда спорттың 13 түрінен бақ сынады.

### ТӨРТ КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН ТАРТЫСТЫ ОЙЫН НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ:

Тоғызқұмалақтан (әйелдер) III орын – **Элеонора Бакарова**, ӨТКЖЖК басқармасы;  
Тоғызқұмалақтан (әйелдер) II орын – **Жанат Арыстанова**, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
Тоғызқұмалақтан (әйелдер) I орын – **Гүлзира Алдашбаева**, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
Тоғызқұмалақтан (ерлер) III орын – **Қуан Құрбанов**, «Ембімұнайэнерго» басқармасы;  
Тоғызқұмалақтан (ерлер) II орын – **Ғабиден Шанканов**, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
Тоғызқұмалақтан (ерлер) I орын – **Сырым Мұратов**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;

Шахматтан (әйелдер) III орын – **Айсәуле Қуатова**, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
Шахматтан (әйелдер) II орын – **Гүлшат Жұмағалиева**, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
Шахматтан (әйелдер) I орын – **Ақмарал Усалиева**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
Шахматтан (ерлер) III орын – **Білімпаз Каболов**, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
Шахматтан (ерлер) II орын – **Ерлан Жұмағалиев**, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
Шахматтан (ерлер) I орын – **Асылбек Ғалам**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;

Үстел теннисінен (әйелдер) III орын – **Гүлжайна Гумарғалиева**, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
Үстел теннисінен (әйелдер) II орын – **Светлана Орынтаева**, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
Үстел теннисінен (әйелдер) I орын – **Тамара Сабирова**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
Үстел теннисінен (ерлер) III орын – **Асылбек Ғалам**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
Үстел теннисінен (ерлер) II орын – **Жасұлан Каким**, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
Үстел теннисінен (ерлер) I орын – **Қуаныш Айтуғанов**, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;

Кибер спорттан III орын – **«Ембімұнайэнерго» басқармасы**;  
Кибер спорттан II орын – **«Доссормұнайгаз» МГӨБ**;  
Кибер спорттан I орын – **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ**;

Волейболдан III орын – **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**;  
Волейболдан II орын – **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**;  
Волейболдан I орын – **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ**;

Асық атудан III орын – **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**;  
Асық атудан II орын – **Басқару аппараты**;  
Асық атудан I орын – **«Доссормұнайгаз» МГӨБ**;

Бильярдтан III орын – **«Доссормұнайгаз» МГӨБ**;  
Бильярдтан II орын – **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**;  
Бильярдтан I орын – **«Басқару аппараты»**;

Арқан тартудан III орын – **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**;  
Арқан тартудан II орын – **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ**;  
Арқан тартудан I орын – **«Доссормұнайгаз» МГӨБ**;

Баскетболдан III орын – **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**;  
Баскетболдан II орын – **«Ембімұнайэнерго» басқармасы**;  
Баскетболдан I орын – **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**;

Шағын футболдан III орын – **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**;  
Шағын футболдан II орын – **«Ембімұнайэнерго» басқармасы**;  
Шағын футболдан I орын – **«Доссормұнайгаз» МГӨБ**.

**Спартакиада соңында жалпы командалық есеп нәтижесі бойынша 402 ұпайды қанжығасына байлаған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ үздік үштікті түйіндесе, 415 ұпай иеленген «Жайықмұнайгаз» МГӨБ екінші орын иегерлері атанды. Ал, жалпы командалық есебі 461 ұпайды құраған «Доссормұнайгаз» МГӨБ жеңімпаз болып танылды.**



### ҮЗДІКТЕР:

**Кибер спорт** турнирінде «Үздік ойыншы» – **Нұрсұлтан Маликов** («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), «Үздік мерген» – **Арсен Адайбаев** («Доссормұнайгаз» МГӨБ);

**Волейбол** турнирінде «Үздік ойыншы» – **Ризабек Баесенов** (ӨТКЖЖК басқармасы), «Үздік шабуылшы» – **Болат Әділғалиев** («Ембімұнайэнерго» басқармасы), «Үздік байланыстырушы» – **Тамара Демешова** («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), «Үздік тосқауыл қоюшы» – **Серік Ибраев** («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);

**Бильярд** турнирінде «Үздік ардагер ойыншы» – **Әлімжан Мақашев** («Ембімұнайэнерго» басқармасы), «Ең қысқа партия» номинациясында – **Тұрлан Мелекеев** («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);

**Баскетбол** турнирінде «Үздік қорғаушы» – **Роман Хамитов** («Қайнармұнайгаз» МГӨБ), «Үздік орталық ойыншы» – **Нәдірбек Жауғашты** («Ембімұнайэнерго» басқармасы), «Үздік шабуылшы» – **Жұмабай Моллашұлы** («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), «Үздік ойыншы» – **Әлібек Шыныбаев** («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);

**Арқан тарту** турнирінде «Үздік якорь» – **Данияр Қалабаев** («Доссормұнайгаз» МГӨБ);  
**Шағын футбол** турнирінде «Үздік қақпашы» – **Айбек Бітімбаев** («Қайнармұнайгаз» МГӨБ), «Үздік қорғаушы» – **Ерлан Кабделов** («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), «Үздік шабуылшы» – **Бауыржан Нығметов** («Ембімұнайэнерго» басқармасы), «Үздік сұрмерген» – **Жақсылық Амандосов** («Доссормұнайгаз» МГӨБ), «Үздік ойыншы» – **Жалғас Шуақбаев** («Доссормұнайгаз» МГӨБ);

Айта кетейік, осы додада **Асық ату** турнирінде «Үздік сұрмерген» атанған **Серік Әбілғазиевтің** («Доссормұнайгаз» МГӨБ) аталған спорт түрінде жетістіктері аз емес. Әріптесіміз таяуда «Самұрық Қазына» Ұлттық қоры ұйымдастырған Спартакиадаға қатысқан «ҚазМұнайГаз» командасын капитан ретінде бастап шығып, осы спорт түрінен жүздеді 3 орын иегері атанған еді.



**Жылан жылы — ұлу жылынан кейін, жылқы жылынан бұрын келетін мүшел есебінің 6-шы жылы. Күнтізбе ауысар тұста, табалдырықтан енетін жыл туралы жалпы сипаттамаларды саралап көрдік. Әр күннен жақсылық күтіп, ертеңгі күніне тек үмітпен қарау — жақсы қасиет. Сондықтан, келер күннің жақсылыққа толы боларына, қуаныш ала келеріне үнемі сенген абзал.**

#### ЖЫЛДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Жылан жылы — ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символы. Сонымен қатар, жылан табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ретінде танылған. Табиғатына сай, ол — суыққанды, бірақ ақылды, сабырлы, кейде тіпті қулыққа бейім. Мұндай қасиеттер жылан жылында туған адамдарға да тән деп айтылады.

Жыл тыныштық пен сақтықты қажет етеді. Бұл жылы іс бастағанда асығыстыққа жол бермеу өте маңызды. Адамдар бір-біріне сабырлы, шыдамды болуы керек. Өйткені аталмыш қасиеттер жыланның символы болып саналады.

Бейбітшілік пен тыныштық уақыты. Жылан жылы табиғаттың тепе-теңдігін сақтайтын, жайлы жылдар қатарында. Мұндай жылда



қиындықтар мен үлкен өзгерістер аз болады деп сенеді.

Даналық пен жетілу жылы. Жылан даналық пен ішкі тереңдікке ие тіршілік иесі ретінде көрініс тапқан. Бұл жылы адамдар білім мен рухани жетілуге көбірек көңіл бөлуі керек деп сенген.

Қазақы ұғымға сай, жылан үйге кірсе, оны өлтірмей, еш қиянат жасамай, басына ақ құйып шығарып жіберу керек деп сенген. Бұл ырыс пен құт шақыратын белгі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, оны даналық пен көрегендіктің символы ретінде қабылдап, қиын кезеңдерде оның сақтығы адамға үлгі болады деп есептеген.

Бұған қоса, ертеден жамандықтан сақтайды деп жыланнан бойтұмар тағу, әйелдер арасында «Жылан-бас», «Жыланбауыр» деп ою, шаш өрімін жасау кең етек жайған.

#### ТАРИХТА БҰЛА...

Тарихи оқиғаларды қарайтын болсақ, жылан жылында көптеген өзгерістер болғанын аңғарамыз. Қиыншылық, саяси өзгерістерді қоса алғанда, дүние тарихына оң өзгеріс алып келген оқиғаларды да тізбектеуге болады. Мәселен, XX

ғасырда келген жылан жылдары түрлі оқиғалар болған: 1905, 1917, 1929, 1941, 1953, 1965, 1977, 1989. Осы сандардың әрқайсысы белгілі бір кезеңдерді еске түсіреді. Бірақ, халқымыз үшін жылан жылы қашан да жайлы жыл деп айтылады. Мысалы, қазақтың аңыз-әңгімелерінде «Жылан жылы жылыс болды...» деген сөздер бар.

#### ТУҒАН КҮН ИЕЛЕРІ...

Жылан жылы дүниеге келгендер ақылды және интуициясы жоғары, сабырлы, шешім қабылдағанда табанды, өз ойларын әрдайым ашық айтпайтын, құпиялылықты жақсы көреді.

Бұл жылы туғандардың арасынан ұлы ойшылдар мен ел бастаушыларды көп кездестіруге болады. Ендеше, осы жылы өмірге келген тұлғалар кімдер? Қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай жылан жылы өмірге келген. Сондай-ақ, туған жылы жыланға тура келетін тағы бір ақын — қазақтың лирик ақыны Мағжан Жұмабаев. Қазақтың ән-күйін жинастырып, нотаға түсіріп, «Қазақ халқының 100 әні», «Қазақтың 500 ән-күйі» атты жинақтар қалдырған композитор-этнограф, музыка зерттеушісі Александр Затаевич

1869 жылы дүниеге келген. Бұл жыл да — шығыс күнтізбесі бойынша жыланға сәйкес келеді. Жылан жылы дүние есігін ашқан әлемдік тұлғалардың бірі — Индира Ганди.

Аталған ойшыл, ақын, ғалым, саясаткерлерден басқа да жылан жылы дүниеге келген белгілі азаматтар жетерлік. Мәселен, АҚШ-тың 16-шы Президенті Авраам Линкольн, 35-ші Президенті Джон Кеннеди, Қытайдағы жаңа дәуір төңкерісінің көсемі Мао Цзедун, Осман және Түркия мемлекетінің реформаторы Мұстафа Кемал Ататүрік сынды саясаткерлермен қатар, Николай Коперник, Пабло Пикассо, Франс Шуберт, Иоганн Вольфганг Гете, Дени Дидро, Мұхаммед Әли, Одри Хепберн секілді түрлі саланың сандақтары өмірге келген.

#### АСТРОБОЛЖАМНЫҢ АЙТАРЫ

Астрологтардың болжамынша, жылан жылы өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерге дайын болуды меңзейді. Бұл жыл адамға өз өмірін қайта қарап, жаңа жоспарлар құруға мүмкіндік береді.

Болжамдарға сүйенсек, климаттық өзгерістер, өнеркәсіптік дағдарыс және технологиялық жетістіктер, медициналық зерттеу-

лерде табыс, әлемдік экономикада өзгерістер орын алуы мүмкін.

Жаңа жылдың символы ақылды және айлакер адамдарға сәттілік әкеледі. Қаржы саласында оң өзгерістер болады, ал махабат пен жеке өмірде рухани байлық пен өзгерістер күтілуде. Денсаулық пен сұлулық саласында жаңару мен өзгерістерге қолайлы кезең.

Жылдың сәтті сандары — 1 және 8, сондай-ақ, 9 саны да маңызды сан болмақ. Жыланның табысты түстері — қызыл мен қара. Десе де, жыл символы жыланның өз түсі болмақ, яғни, жыл түсі — жасыл.

Жылан жылы көбінесе тұрақтылық, үйлесім, даналық пен ішкі тыныштықты алға қояды. Дәстүрлі нанымдарда жылан жылы өздігінен қауіп төндірмейді. Тек адамдарды ойланып әрекет етуге шақырады. Егер сіз жылан жылында жаңа жетістіктер мен рухани өзгерістер күтсеңіз, бұл уақыттың энергиясын дұрыс пайдалану маңызды деп есептеледі.

**Бұл — болжамдар ғана. Сондықтан, әр күніңіздің сәтті, табысты, жарқын эмоцияларға толы болуы тек өзіңіздің қолыңызда. Жақсы іс жасап, жақсыға ұмтылып, жақсы көңіл-күймен жүру — әркез сәттілікке бастайтынын ұмытпасаңыз болғаны. Жаңа жыл құтты, берекелі болсын!**

(Интернет желісіндегі ашық дереккөздерден алынған ақпараттар негізінде дайындалды)



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күйі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы — 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова — 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова — 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова — 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова — Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов — Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы — Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов — Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов — Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова — Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов — «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.